

1994 жылы ауыл шаруашылық кәсіпорындарына көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 24 ақпандағы N 1578 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына Z933600_ сәйкес қаулы етемін:

1. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қаржы жағдайын оңалту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің орталықтандырылған кредит ресурстары есебінен бөлінген, 1994 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің несиелері /айналым қаражатын толықтыруға арналған мақсатты кредиттен басқасы/ бойынша мерзімі ұзартылған және мерзімі өтіп кеткен қайтарылуы қамтамасыз етілмеген берешектің мерзімі барлық меншік нысанындағы ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге ұзартылсын.

Аталған берешекті өтеу 1999 жылдың 1 қаңтарынан теңбе-тең үлеспен бес жылдың ішінде процент есептелмей басталады деп белгіленсін.

2. Ұжымшарлардың, кеңшарлардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындардың қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін айлық ақы бойынша құралып қалған берешекті өтеу үшін 1994 жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде төлейтін етіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен коммерциялық банкілер арқылы кредит беретін болсын. Аталған кредит 25 процент жылдықпен берілсін;

- банк мекемелері кредиттің 1994 жылғы 5 наурызға дейін берілуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 25 наурызға дейін осы Жарлықтың 1 және 2 тармақтарында аталған шараларды қаржыландыруға қажетті мөлшерде сыртқы кредит /заем/ іздестірсін.

4. Коммерциялық банктердің негізсіз мерзімі ұзартылған несиелердің үш еселеген мөлшердегі мүліктік жауапкершілігі белгіленсін.

Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті

жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетімен бірлесе отырып негізсіз мерзімі ұзартылған берешектің әрбір фактісі бойынша коммерциялық банктерден өндіріп алып, бұл соманы республикалық бюджетке қосатын болсын. 5. Осы Жарлықтың Заң күші бар, жарияланған сәтінен бастап күшіне енгізіледі және жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі тиісті Заң қабылдағанға дейін қолданылады. Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК